



ӨСКЕМЕНДЕ ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРШАҒА ҚАТЫСҚАН 200 БАЛАНЫҢ БАРЛЫҒЫНА ПЛАНШЕТ СЫЙҒА БЕРІЛДІ

Өскемен қаласындағы Металлургия мәдениет сарайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан балалар үйінің тәрбиеленушілері мен жағдайы төмен отбасылардың балаларына, оқу озаттарына және әр түрлі байқаулардың жеңімпаздарына арналған дәстүрлі жаңа жылдық шырша болып өтті. Шараға қатысқан 200 баланың барлығына планшет сыйға берілді.

Бала күлкісі шалқыған Өскеменнің төрінде балаларға арнайы мерекелік бағдарлама ұсынылды. Облыстық Жамбыл атындағы драма театры мен мектептерден, музыка мектептерінен жиналған 200-ге тарта әртіс бүлдіршіндерді қызыққа бөледі.

Шыршаға жиналған 9 – 13 жас аралығындағы оқу озаттары, жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар Елбасының өздеріне арнаған бейнежазбадағы құттықтау сөзін қуана тамашалады.

Сондай-ақ, жаңа жылдық шырша мерекесіне қатысушылардың бейімделу үдерісін жеңілдету, бір-бірімен таныстыра достастыру мақсатында психологиялық тренингтер өткізілді. Шара соңында балалардың қуанышы тіпті еселене түсті. Жыл бойы үздік оқып, Президент шыршасына қатысу бақыты бұйырған 200 баланың барлығына планшеттер табысталды.

«1-сыныптан бері сабақтардан тек 5 алып келемін. Бүгін концертке де топтық бимен қатыстым. Планшет алғаным өте қуаныштымын. Жақсы оқып келесі жылы да шыршаға қатысқым келеді», - деп қуанышымен бөлісті Семейдегі «Үміт» балалар үйінде тұратын 6-сыныптың оқушысы Ернұр Жәдренов.

ШҚО ӘКІМІ БАЛАЛАРДЫ ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Балалар үйінің тәрбиеленушілері мен жағдайы төмен отбасылардың балаларына, оқу озаттарына және әр түрлі байқаулардың жеңімпаздарына арналған дәстүрлі жаңажылдық шыршада ШҚО әкімі балаларды жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Мерекелік жиынға облыстың барлық аудандары мен қалаларынан 150 бала қатысты, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Облыстық Жамбыл атындағы драма театры мен мектептерден, музыка мектептерінен жиналған 200-ге тарта әртістердің қатысуымен

балаларға арнайы мерекелік бағдарлама ұсынылды. Айта кетерлігі, мерекені думанға бөлеген әртістердің басым бөлігі бүлдіршіндердің өздері. Балалардың өнерін тамашалаған аймақ басшысы оларға жүрекжарды дебізін білдірді.

– Құрметті балалар! Мерекеді көңілді биімен, тамылжытқан әнімен тамсандырған сендердің өнерлеріңе тәнтімін. Жаңа жыл – жақсылықтың мерекесі. Біздің ұланғайыр жеріміз бар, қасиетті халқымыз, ұлы Президентіміз бар. Біздің жеріміз байлыққа толы, бірақ біздің мемлекетіміздің ең үлкен байлығы – сендерсіңдер! Сендерге үлкен үміт артамын, – деді облыс әкімі.

Мерекі соңында жыл бойы үздік оқып, облыс әкімінің шыршасына қатысу бақыты бұйырған 150 баланың барлығына планшеттер табысталды.

Облыстық ақпарат орталығы

ХОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Жаңа жылдық шырша мерекесі, әсіресе, балалар үшін үлкен қуаныш. 24 желтоқсанда Әлеуметтік көмек көрсету орталығының (басшысы - М. Асаубаев) ұйымдастыруымен Дмитриевка ауылында мүгедек балаларға арналған аудан әкімінің шаршасы болып өтті. Бұл шырша мерекесіне ауданның барлық ауылдық округтерінен 80 мүгедек бала және олардың ата-аналары келді. Қамқоніл балаларды құшақ жая қарсы алған Әлеуметтік көмек көрсету орталығы жылда жаңа жыл мерекесі қарсаңында мүгедек балаларды қамқорлықтан тыс қалдырмай, өздерінің тарапынан тарту-таралғылар тапсыруды дәстүрге айналдырған.

Дмитриевка ауылындағы ең зәулім әрі кең ғимарат - ауылдық клубта бас қосқан балалар жүздері бал-бұл жанып, өмірлеріндегі шаттық шақты бірге қарсы алып тұрғандарына мерейлері тасып, ұмытылмас әсерге бөленді. Бұған дейін бір-бірін білмейтін әр округтегі мүгедек жасөспірімдер шырша мерекесі



үстінде танысып-табысып, бауырласып кетті. Әсем безендірілген, биік, сәулелері жарқыраған шырша жанында әр этнос ұлдары қол ұстасып, дөңгелене билеп, әнге қосылды. Мүгедек балалардың осы қуанышын қызықтауға аудан әкімі Г. Ақулов, аудандық мәслихат хатшысы У. Майжанов, аудан әкімінің орынбасары Р. Атаева, облыс әкімінің қоғамдық көмекшісі Л. Шокарева арнайы келіп, балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

(жалғасы 3-ші бетте)

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ XXVIII СЕССИЯСЫ

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында № 1 сайлау округінің депутаты, сессия төрағасы Сергей Николаевич Быковтың төрағалық етуімен Бородулиха аудандық мәслихатының кезекті жиырма сегізінші сессиясы болып өтті.

Сессия жұмысына Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Ақулов, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Ерлан Әмірбекұлы Зайтенов, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің қоғамдық көмекшісі Любовь Авдеевна Шокарева, аудан әкімінің орынбасарлары, Бородулиха ауданының прокуроры Даулет Бақытжанұлы Кенжебеков, АІП бастығы Решат Төлегенұлы Рамазанов қатысты.

Ауылдық және кенттік округ әкімдері, дербес бөлімдердің, аудандық ұйымдар мен мекемелердің басшылары, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды. Күн тәртібінде «2015 – 2017 жылдарға арналған Бородулиха ауданының бюджеті туралы», «Бородулиха аудандық мәслихат хатшысының есебі туралы», «2011 – 2015 жылдарға арналған ауданның



агроөнеркәсіптік кешенді дамыту өңірлік бағдарламасының орындалу барысы туралы», «Бородулиха ауданында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы туралы», «Агроөнеркәсіптік кешені, экология, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының жұмысы туралы», «Әкімшілік – аумақтық бірлікті және елді мекендердің құрамдас бөліктерін атау және қайта атау туралы», «Бородулиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 33-ІІІІ-ІV «2015 – 2017 жылдарға арналған Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының аумақтарын дамыту бағдарламасын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»,...

(жалғасы 4-ші бетте)

2 БЕТ
ЕРЛЕР - ЕЛ
ЕРТЕҢІ

3 БЕТ
МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛДІ ОҚЫТУ
СЫНЫБЫ

4 БЕТ
ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ
КӨҢІЛ-КҮЙ

ТӘУЕЛСІЗДІК АРАЙЫ ЕРЛІК САҒАТЫ ЕРЛЕР - ЕЛ ЕРТЕҢІ

Белағаш ауылдық округінің Белағаш орта мектебінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына арналған «Ерлік сағаты» атты жыр байқауы болып.

Байқауға мектеп оқушылары, ата-аналары, ауыл тұрғындары қатысты. Барлық өлеңдер аса зор ықыласпен оқылды. Өлеңді мәнерлеп оқып, көпшілік көңілінен шыққан жандардың бірі ретінде ауыл тұрғынын Рамзия Рамазанқызы Зубованы атап өтуге болады. Бұл кісі ауылдық округтің



қоғамдық өмірінен тыс қалмай, үнемі белсенділік танытып жүретін жан. Ата-аналар арасынан Д.Бикешев пен Т.Бикешев гитарамен «На братских магилах», «Разговор с портретом» сияқты майдан әндерін орындап, ерекше грамотамен марапатталды. Байқау қойырытындысы бойынша А.Биберт, А. Унру, А.Белоусова III орынды, А.Ашаева, С.Каримова, А.Айтуғанова II орынды, Р.Бикешев, Г.Абдрахманова, А.Мұхамедьярова I орынды иеленді. Байқауға қатысушылардың барлығыны грамоталар табысталды.

Байқау барысында мектеп кітапханашы Н.Сюксяевамен Бауыржан Момышұлы, Константин Симонов, Василий Быков, Александр Фадеев және тағы басқалар туралы көрме ұйымдастырды.

Оқушыларды азаматтық адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу аталған байқаудың басты мақсаты болды. Жеңіс туралы оқылған өлеңдер арқылы оқушылар ардагерлерді құттықтады десе де болады. Осы өлеңдер арқылы жас буын ардагер аталары мен апаларына алғыс сезімін жеткізді. Бұл өскелең ұрпақты отаншылдыққа баулуға да мүмкіндік береді. Ауылдық округ әкімдігі және мектеп әкімшілігі байқауға қатысқандарға және осы іс-шараны ұйымдастырған С.Хорунға, Г.Бектемірұлыға алғыс білдіреді.

Белағаш а/о әкімінің аппараты

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Әр елдің тарихында бетбұрысты оқиға болады. Қазақ елі үшін сондай оқиға – 1991 жылдың 16 желтоқсаны. Шын мәнінде бұл күн тәуелсіз Қазақстанның тағдырын айқындаған күн болды. Сонымен қатар еліміздің әлемге әйгілі болуы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел тізгінін қолына алғанынан да бастау алғаны ақиқат. Айтпағым, Елбасының сан түрлі сынақтан сүрінбейтін сарабал саясатының арқасында жеңісті жолымыз жалғасын табады. Кез келген жерде, кез келген уақытта тұғырлы Тәуелсіздігіміз бен кемеңгер Елбасымыз жайында зор мақтанышпен айта аламыз. Батырлық пен ерліктің шын дастанына айналған Нұрсұлтан Әбішұлы елімізді қаншама асулардан асырып келе жатыр. Ата-бабамыздың асыл мұрасы - еліміздің тәуелсіздігі, елдігі, теңдігі үшін қаншама игі істер атқарды. Бүгінгі таңда мына біздер сол ерен еңбектің арқасында, Тәуелсіздік төрінде еркін сай-рандап, бейбіт ғұмыр кешудеміз.

Ұлтжандылық, отансүйгіштік деген мағынасы терең сөздерді күнделікті өмірде жиі кездестіреміз. Осы сөздерді аяулы Елбасым жайлы ой қозғағанда қалайша айтып өтпейін?! Халқы сүйген Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы – нағыз ұлтжанды, халқына нұр шашқан батыр адам. Бұл әлемде оған тең келетін басшы жоқ шығар. Тым әсірелеп жібергенім емес, бұл - шындық. Бойында намыс, жігер оты лаулаған Нұрсұлтан Әбішұлы, құбылмалы өмірдің ағымынан адаспай мықты саясатыңыз бен ұстанымыңызды жалғастыра беруіңізге Жаратқаным өзі жар болғай! Жылдар бойы аңсаған егемендігіміз мазмұнын еш жоғалтпай, жасай берсін! Құрметті жерлестер, алдағы өміріміздің ақ парақтарына ешқандай дақ түспей, шуақты өміріміз жалғасын таба берсін дегім келеді!!!

ДАХМЕТОВА, Переменовка орта мектебінің қазақ тілі мұғалімі

Жалпы білім беретін Бородулиха қазақ орта мектебінде Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы қарсаңында, Тәуелсіздігімізге 23 жыл толуына орай «Ерлер – ел ертеңі» атты «Көгілдір алау» концерттік бағдарламасы болып өтті. Бұл іске

Міне бүгін тәуелсіз біз ел болдық, Басқалармен терезесі тең болдық. Әрқашанда біз дайынбыз тайсалмай Отан үшін болуға да



мектеп директоры Жақсылықова Самал Қажығалиқызы мұрындық болып, мектеп ұжымын игі іске бастап, біліктілік танытқан еді.

Концертке соғыс ардагері Ломтев Алексей Романович, тыл еңбеккерлері Славягина Нина Павловна, Фосс Юрий Иванович және жұбайы Фосс Тамара Петровна, қазақ мектебіне еңбегі сіңген аға ұстаз Әлімбаева Сайлауғаша Оралбайқызы шақырылды. Іс-шара барысында құрметті қонақтар үшін дастархан жайылды. Ұйымдастырушылар алдын ала бұл адамдардың үйлерінде болып, жағдайларымен танысып, концертке арналған шақыру қағаздарын таратқан болатын. Осындай кезекті үй аралаудың бірінде ұйымдастырушылар Никулшина Нина Федровнаға барған еді. «Қазақ мектебі осындай атаулы күндер қарсаңында бізді ұмытпай, жыл сайын халімізді біліп, мерекелік шараларға шақырып тұрады. Сол үшін мектеп басшылығына, мұғалімдер мен ата-аналарға ерекше алғысымды айтамын», - дей отырып, өзінің сырқаттанып тұрғандығына байланысты іс-шараға қатыса алмайтындығын жеткізген еді қарт ана. Мектеп тарапынан жасалып отыратын осындай игі қадамдарға қарттар әрқашан дән риза болып қалады.

Мерекелік концертті Маратова Аяжан мен Әділбекова Мәлика қазақ және орыс тілдерінде ашты.

құрбандық!
Дүбірлетсін өңірді,
Дүбірлесін дүлдүлі.
Қазақ деген елімнің
Құтты болсын бұл күні! - деген Аяжанның жалынды сөздерін Мәликә



орыс тілінде іліп әкетті:
Наш гордый Казахстан!
Моя любовь, моя Отчизна,
Мой край, мой светлый дух земной!
Мой Казахстан – свободный,
чистый,
Цветы под солнцем и луной!

Осыдан кейін 3-сынып оқушылары Лаура Ситдыкова, Аружан Мұхаметқазы, Ингилис Асқарқызы «Земля моя» әнін әуелетті. 4 «а» сынып оқушылары қарттардың жастық шақтарынан сыр шертер «Вальс» биін биледі. 3 «ә» сынып оқушылары «Маленькая страна» әнін шырқады. Слямғалиев Нұрлының орындауындағы «Қазақстаным» әні көрермендерді асқақ рухқа шақырса, 3 «ә» сынып оқушылары ұсынған испан биін залды желпітінтіп әкетті. Одан кейін 7 – 8 сыныптардың қыздары «Қаражорганы» күйкылжыта биледі. Мектеп ұлдары «Елім менің» әнін хормен орындады. Бұл кезде музыка пәнінің мұғалімі Алмас Серік пен Слямғалиев Асан жетекші әншілер ролін атқарды.

Концерттік бағдарлама соңында мектеп директоры Самал Қажығалиқызы құттықтау сөз сөйледі. Ол келген қонақтарға денсаулық, жақсылық және қуаныш тілей отырып, мектеп ұжымы атынан алғыс білдірді.

Кезек-кезек сөз алған қонақтар да ризашылықтарын білдіріп шықты. Олардың кейбірі көздеріне жас алып, ішкі толғанысын жүрекжарды сөз етіп өрбітті. Бұндай шаралар өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, ерлікке, аға буын өкілдерін құрметтеуге тәрбиелеу үшін таптырмас құрал болып қала бермек. Сондықтан да аталған бағыттағы іс-шаралар ешқашан өз желісін үзбек емес. Осындай игі бастамаларға бас болып келе

НОВОПОКРОВКА ОКРУГІ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Новопокровка ауылдық округінде елдің басты мейрамы – Тәуелсіздік күні аталып өтті. М. Әуезов атындағы орта мектептің акт залында салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Салтанатты іс-шараны жүргізушілер ашты. Қазақстан Республикасының Әнұраны ойналды. Жүргізушілер 86 жылғы желтоқсандық оқиғасы туралы, тәуелсіздік жылдардағы Егемен Қазақстанның жаһандық жетістіктері мен табыстары туралы әңгімелеп берді. Новопокровкалықтарды атаулы мерекемен Ішкі саясат бөлімінің басшысы С.Гальченко және «Нұр Отан» партиясының мүшесі М.Ахметжанов құттықтады. Сондай-ақ округ тұрғындарын округ әкімі Т.Жаймұхамедов құттықтап, Қазақстан осы жылдар ішінде қалыптасудың және ұлт бірлігін нығайтудың қиын,

бірақ жарқын жолынан өткендігін атап өтті. «Ел Президенті жүргізіп отырған саясаттың, ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың арқасында бүгін Тәуелсіз Қазақстан өркениетті әлемнің ажыратылмайтын бөлігіне айналды», - деді әкім. Мемлекеттік мейрамдардың қарсаңында белгілі бір саланың дамуына елеулі үлес қосқан адамдарды атап өту дәстүрге айналған. Талғат Мақсатұлы жеке кәсіпкерлер Д.Ибатуллинге және И.Кавалероваға округтің қоғамдық өмірінде белсене қатысқандары үшін алғыс хаттар табыстады. Сауда саласында еңбек еткен қызметкер Л.Козлова, дәрігерлік амбулаторияның фельдшер-лаборанты Ф.Сүлейменова сауда және денсаулық сақтау салаларындағы көп жылғы жемісті қызметтері үшін алғыс хат-

тармен марапатталды. Людмила Васильевна отыз жылдан астам сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарында жұмыс істеді. Фарида Сүлейменқызы денсаулық саласындағы 46 жылдық қажырлы қызметін әлі де жалғастырып келеді.

Содан соң ауылдастарға Новопокровка орта мектебі мен М. Әуезов атындағы орта мектеп ұжымдары дайындалған концерттік бағдарлама ұсынылды. Тәуелсіздік жолы - қазақстандық халықты ұлтаралық келісімге, бірлікке, бейбітшілікке, жарқын күндерге жеткізген жол. Әрбір қазақстандық осы күндерді жадынан шығармай, еліміздің өркендеуі үшін талмай еңбек етіп, ел ырысын еселеу тусуі тиіс.

Новопокровка а/о әкімдігі





ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ



ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ ТАРҚАМАЙДЫ ЕШҚАШАН!

Қыстың келуімен бірге мектеп оқушылары арасында өтетін қызықты сайыстар, байқаулар мен жарыстар қыза түсті. Осындай қызықты әрі дәстүрлі сайыстың бірі Белағаш орта мектебінде өткізілді. Мектеп оқушылары қардан мүсіндер жасап жарысты. Байқауға қатысушылардың



барлығы қардан мүсіндер жасаудың қызықты, көңілді іс екенін жақсы біледі. Сондықтан да олар байқау барысында ерекше белсенділік танытты.

Қар – қысқы табиғат құбылысының бірі ғана емес. Ол сонымен қатар балалар мен жастар үшін тарқамас қызық. Себебі олар тек қыста ғана таудан сырғанақ тебуге, қармен атысып ойнауға, қардан



әртүрлі мүсіндер жасауға мүмкіндік алады. Қардан аққала немесе ертегі кейіпкерлерін жасау оңай іс емес. Бұл үшін балаға ептілік пен дағдылар қажет.

Балалар бойында шығармашылық қабілеттерді дамыту, оларды шыдамдылыққа баулу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету, оларға мерекелік көңіл-күй сыйлау осы байқаудың мақсаты болды. Мүсін жасау ісіне оқушылар, ұстаздар, ата-аналар қатысты. Олар өздері жасаған мүсіндерді әртүрлі бояулармен сырлап, қызықты киімдер кигізді. Қазылар алқасы жасалған мүсіндерді тамашалай келе, бұл байқауда «Достық» жеңіске жетті деп шешім қабылдады. Барлық қатысушылар алғыс хаттармен, грамоталармен марапатталды.

О.ШАЛГЕНОВА

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ

Ағымдағы жылдың 12 желтоқсанында Степной ауылдық округінің Шелехово ауылында округ әкімі «Астық» (Круговых В.), «Арғын-2» (Жанакасов Б.), «Алтын-дән» (Исабеков Т.), «Бірлік» (Ибраев Ғ.), «Весна» (Пономоренко А.), «Идея» (Пьянзин В.), «Исток-2» (Лубинский В.) шаруа қожалықтары және «Асқар-Арго» ЖШС (Шмонин А.) басшыларымен кездесті. Аталған кездесуге Бородулиха ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы З.Қожахметова қатысты. Округ әкімі жиналғандарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 356 «Шекара зонасы және карантин зонасы шекара сызығының шегін орнату туралы» Қаулысымен таныстырды. З.Қожахметова Ресей Федерациясы шекара зонасында орналасқан шаруа қожалықтары осы Қаулымен танысқаннан кейін 3 ай ішінде ені жүз метр шек қойылатын жерлерге құқық беретін барлық құжаттарды қайта дайындау қажеттігін айтып өтті. Құжаттарды дайындауға кететін барлық шығындар осы жерлердің жекеменшік иесі қаражатының есебінен ұсталынатындығын ескертті.

Ж.ӘЗЕЛБАЕВА, Степной а/о бас маманы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ



Новопокровка ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында мемлекеттік тілді оқытуға арналған кабинеттің ашылу салтанаты болып өтті. Сонымен қоса бұл жерде ауылдық кітапхананың оқу залы орналасатын болады.

Лента кесу рәсімін жасау құқығы Бородулиха ауданының мемлекеттік және басқа тілдерді оқыту орталығының директоры Г.Ильяшеваға және округ әкімі Т.Жаймұхамедовқа берілді. Округ тұрғыны, ардагер ұстаз А.Байғазина «Шашу» рәсімін орындады.

Гульмира Бақдаулетқызы құттықтау сөз айта келіп, округтегі тілдерді дамытуға қажетті деңгейде көңіл бөлінгені және кабинеттің жөндеу жұмыстарын ұйымдастырғаны үшін округ әкіміне алғыс айтты. Сондай-ақ ол аталған филиалдың мемлекеттік тіл оқытушысы М.Сегізбаевқа жемісті жұмыс тіледі. Құттықтау сөзден кейін Г.Ильяшева 2013 – 2014 оқу жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік тіл курсын аяқтағандарға сертификаттар тапсырды.

Округ әкімі Т.Жаймұхамедов көңіл бөліп, көмек көрсетіп жатқандары үшін аудан басшылығына, тілдерді оқыту орталығының директорына алғыс айтты. Округте 2011 жылдан бастап мемлекеттік тілмен қатар татар тілін оқыту үйірмесі жұмыс істеуде. Талғат Мақсатұлы Г.Ильяшеваға ниет білдірген округ жастарына ағылшын тілін оқытуды бастауға мүмкіндік жасау туралы өтініш айтты.

Осыдан кейін мемлекеттік тілді оқыту курсының тыңдаушысы С.Гафнер іс-шара қонақтарына арнап өнер көрсетті. Іс-шара соңында 60 жасында, досы В.Огулевпен бірге қазақ тілін үйренуге бет бұрған үйірме тыңдаушысы С.Мальцев ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

Новопокровка а/о әкімінің аппараты

ХОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!

(Басы 1-ші бетте)

Құттықтау сөздерден соң шырша мерекесі одан сайын қыза түсті. Қасқыр мен Ешкі бейнесіндегі кейіпкерлердің қызықты ойынынан кейін залға Аяз ата мен Ақшақар енді. Балалар Жаңа жылдың басты қаһармандарын қуанышпен қол соғып қарсы алды. Аяз ата келісімен шырша маңы асқақ әнге, көңілді биге, жалынды жырға оранды. Балалар Аяз атамен бірігіп, Ешкіні жауыз Қасқырдың қақпанынан құтқарып алуға қатысты. Ешкіні құтқару үшін олар өлеңдер оқып, билер билеп, әндер шырқады. Мүгедек балалардың Жаңа жылдық шыршасы көңілді өтуі үшін Жбратова Ксения «Новогодний хоровод», Гребенюк Галина «Носики курносики» әндерін, Жезкент кенттік округінен келген балақайлар «Как бы не было зимы» әнін орындады. Аяз ата мен Ақшақар балалармен қол ұстасып, шыршаны айнала жүріп, дәстүрлі «В лесу родилась елочка» әнін шырқады. Содан кейін балалар барлығы қосылып ескі жылға хош айтысып, шығарып салды.

Сый-сыяпатын арқалап, қоржынын қампайтып келген Аяз ата мерекелік шыршаға келген балалардың барлығына аудан әкімінің атынан сыйлықтар таратты. Тарту-таралғысын табыстаған Аяз ата мен Ақшақар



балалармен хоштасып, сапарға аттанып кетті.

Шырша маңындағы көңілді бас қосу мерекелік түскі ас дастарханында жалғасты. Аудан әкімі Григорий Иосифович Акулов балалармен бірге мерекелік тортты кесу рәсіміне қатысты. Осыдан кейін балалар тәтті, дәмді тағамдардан ала отырып, көңілді дастархан басында алған әсерлерімен бөлісті.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқорлық жасау – қай қоғамның болсын басты парызы. Біздің ауданда да осы бағытта игі істер әрдайым ұйымдастырылып, бұл шараларды өткізу дәстүрге айналып кеткен. Ал, мүгедек балаларға арналған шырша мерекесін осы шаралардың бір парасы деп қабылдаған жөн. Өзіміздің ортамызда жүрген қамкөңіл балаларға бір сәт болсын қуаныш сыйлау – адамгершіліктен, ізгіліктен туындайтын асыл қасиет екенін жадымыздан шығармай, жақсы істер қатарын жылдан жылға көбейте берсек нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

А.ТЛЕУҒАЗИН

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ XXVIII СЕССИЯСЫ



(Басы 1-ші бетте)

...«Бородулиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 қазандағы № 8-9-V «Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің жанындағы жастар ісі жөніндегі аудандық кеңестің дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы», «2015 жылға арналған Бородулиха аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекіту туралы», «V шақырылған Бородулиха аудандық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасы туралы» мәселелер қаралды.

Кезекті сессияның отырысында аудандық мәслихат депутаттары 2015 – 2017 жылдарға арналған аудандық бюджетті қарастырып, бекітті. Аталған мәселе бойынша Бородулиха ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы М.Аргумбаев «2013 – 2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» тақырыбында баяндама жасады.

Осы мәселе аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында талқыланғандығын атап өту қажет, сондай-ақ отырыста экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы депутаттардың бірқатар сұрақтарына жауап берді.

Екінші мәселесі бойынша ағымдағы жылда атқарылған жұмысы туралы бесінші шақырылған Бородулиха аудандық мәслихатының хатшысы



У.Майжанов есеп берді. Өз баяндамасында аудандық өкілетті биліктің және оның органдарының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, басқа да заңнамалық актілерге, сонымен қатар аудандық мәслихаттың Регламентіне сәйкес жүргізілгендігін атап айтты.

Одан әрі «Нұр Отан» партиясының халық платформасында қойылған міндеттерді орындау, сайлауалды бағдарламаларды және сайлаушылардың талап-тілектерін орындау бойынша қол жеткізген нәтижелеріне тоқтады.

Күн тәртібінің үшінші мәселе бойынша – Бородулиха ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы М.Жақсылықов хабарлады, өз ақпаратында ол аталған бағдарламаны іске асыру барысында ауданда нақты жұмыс жүргізілгендігін атап айтты.

Осы мәселені депутаттар кең түрде талқылады.

Бородулиха ауданында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы туралы мәселе бойынша ақпаратпен Бородулиха ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М.Асавбаева баяндама жасады. Депутаттар Бородулиха ауданында 2011 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолданудағы мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара жоспарын орындау жөнінде жұмысты жалғастыруды ұсынды.

Агроөнеркәсіптік кешені, экология, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының жұмысы туралы есебімен аудандық мәслихатының депутаты С.Быков баяндады. Сессия барысында келесі сессия төрағасы сайланды.

Барлық қаралған мәселелер бойынша бірауыздан сәйкес шешімдер қабылданды.

Г.ӘБІШЕВА, аудандық мәслихаттың бас маманы

ЖАНУАРЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – АДАМИ ПАРЫЗ

Жабайы аңдардың санын көбейту, жылдың ауыр кезеңдерінде жануарларды қосымша қоректендіру мақсатында орман шаруашылығында биотехникалық іс-шаралар жүргізіледі.

Қыста жабайы аңдарды қолдан қоректендіру талап етіледі. «Ауыл» орман бөлімшесінде көктемде және күзде сортаңдар және қоректендіру алаңдары орналастырылады. Жабайы аңдарды қоректендіру үшін астауға шөп төселеді. Көктеректің бұтақтарынан эфирленген азық байланып ілінеді. Бұтақтары мамыр айының ортасынан маусым айының ортасына дейін дайындалады. Жануарларда минерал жетіспеушілігін болдырмау үшін, олардың ағзасында заттың белсенді айырбасы болып тұру үшін қыста тұзбен қамтамсыз ету керек. Аңдар қорексіз қалған кезде қосымша қоректендіру олардың көбеюіне, басқа жәкқа ауып кетпеуіне жағдай жасайды. Негізінде қосымша қоректендіру жыл бойы жүргізілмейді. Бұл істер жылдың ауыр мезгілдерінде жануарлар мекен ететін орындарда дайындалады.

«Ауыл» орман бөлімшесінде ағымдағы жылы бірқатар биотехникалық іс-шаралар жүргізілді. 5 сортаң, 9 қосымша қоректендіру алаңы, 8 астау және ілгіштер орнатылды. Жануарларды суғару үшін бір жаңа су қоймасы дайындалды. 1 тонна шөп, 1500 бұтақтан тұратын азық дайындалды. Зиянды құстардың санын реттеу бойынша жұмыстар жасалып, 60- тан аса қара қарғалардың ұясы бұзылды.

А.МАШИНСКИЙ, «Ауыл» орман бөлімшесінің орман шебері

БІРЛЕСКЕН ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ОТЫРЫСЫ

2014 жылдың 23 желтоқсанында Бородулиха аудандық мәслихатында депутат Валентина Михайловна Ежованың төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың бірлескен тұрақты комиссияларының отырысы болып өтті.

Отырыс жұмысында «2015-2017 жылдарға арналған Бородулиха ауданының бюджеті туралы» жобасы, «2015 жылға арналған Бородулиха аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының жұмыс жоспарын бекіту туралы» мәселелер қарастырылған болатын.

Бірлескен тұрақты комиссиялар жұмысына аудандық мәслихатының хатшысы Уәлихан Төкенұлы Майжанов, депутат, комиссия төрағасы Валентина Михайловна Ежова, депутат, комиссия төрағасы Сергей Николаевич

Быков, депутаттар, тұрақты комиссиясының мүшелері, Бородулиха ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Мұрат Құсайынұлы Аргумбаев қатысты.

2015-2017 жылдарға арналған Бородулиха ауданының бюджеті туралы» жобасы жөніндегі мәселе бойынша ақпаратпен сөз Бородулиха ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Мұрат Құсайынұлы Аргумбаевқа берілді.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары қараған мәселелері бойынша қажетті қаулылар қабылданды.

Г.ӘБІШЕВА,

аудандық мәслихаттың бас маманы

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ КӨҢІЛ-КҮЙ

Жаңа жыл Қазақстан халқының ең сүйікті мерекелерінің бірі болып саналады. Дәстүр бойынша Жаңа жыл меркесін қарсы алу 31 желтоқсанның кешінен басталады. Қалалар мен ауылдарда бұқаралық серуендеу, ал Жаңа жыл келісімен отшашулар атылады. Қалалар мен ауыл көшелерінде Аяз Ата мен Ақшақарды кездестіруге болады. Қазақтар Аяз Ата атап кеткен Жаңа жылдық бейне – славян фольклорының кейіпкері. Славян мифологиясында Аяз Ата қысқы аяздарды бейнелейді. Аяз Атаның түп бейнесі Әулие Николай (Санта Клаус), сондай-ақ құлдретті Зимник пен Корчунның ежелгі бейнесінен алынған. Жаңа Жылда Аяз Ата келіп балаларға сыйлық таратады. Ол өрнектермен әшекейленген күміс тәрізді қызыл тон, малакай (қалпақ емес), пима киген, ұзын ақ сақалды, қолында аса таяғы бар бейнеде бейнеленеді. Аяз

Ата үш ат жегіп жүрген. Кейде шаңғымен немесе жаю жүреді. Мерекелік шырша Жаңа Жылдың ерекшелігі болып табылады. Шыршаны көптеген елдерде Рождество мерекесіне қойып, рождестволық шырша деп атайды. Қазақстандықтар бұл салт дәстүрді сақтайды, сондықтан жаңа жылда әр бір үйде жаңа жылдық шырша орнатылады.

Жаңа жылға дейін санаулы күндер қалды. Сондықтан Бородулиха ауылында Жаңа жылға дайындық барынша жүріп жатыр. Ауыл көшелерінде түрлі-түсті шамдар орнатылды. Барлық мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар өз ғимараттарының сыртын, жұмыс кабинеттерінің ішін Жаңа жыл нышандарымен безендірді. Ауылдан Жаңа жылдық көңіл-күй байқалады.

Бородулиха а/о әкімінің аппараты

СИҚЫРЛЫ МАТА (тарсы ермегісі)

(Басы 97-ші нөмірде)

Жан-жағына таңдана қарады. Ұлын көрген бетте оны бас салып құшақтап, екі бетінен кезек сүйіп, мұнда не істеп жүргенін сұрай бастады. Баласы басынан кешкеннің барлығын айтып берді. Көпес қатты мұңайып тұрған ұлының басына сипап:

- Ақ киімді әйелдің лашығына қалай барамыз,- деп сұрады.

Осы кезде олардың қасына түлкі келді де:

- Екеуің де менің арқама отырындар. Мен сендерді жеткізіп тастайын,- деді.

Олар түлкінің арқасына жайғасты. Түлкі жылдамдатып жүгіре жөнелді. Түн ортасы болғанда олар лашыққа келіп жетті. Лашыққа кірген кезде ақ киімді әйелдің төсекте өліп жатқанын көрді. Ал орман аңдары оны айнала қоршап алып, жылап тұр екен. Түлкі не болғанын сұрады, сонда аңдар былай деп жауап берді:

- Кешкісін жындардың патшасы келіп, лашық жанындағы еменді тамырымен қоса жұлып тастады. Содан кейін ақ киімді әйелді өлтірді. Әйелдің шашынан тоқылған ақ матаның барлығын алып кетті. Жындар патшасы

кетерінде былай деді: «Бұл маталар көпес пен оның ұлының қолына түспеуі керек. Адам өзіне бұйырған жастан артық өмір сүруге тиісті емес. Егер адамдар ұзақ жасауды үйренсе, онда әлемдегі тепе-теңдік бұзылады. Жер бетіне адамдар сыймай кетеді. Табиғат заңы бойынша адам өмірге келген соң, мандайына жазылған жасты жасап, содан кейін басқаларға орын босатып о дүниеге кетуі керек». Міне сондықтан да ол ақ киімді әйелді өлтірді. Ол тоқыған сиқырлы маталарды алып кетті.

Бұл сөздерді естіген көпес пен оның ұлы әйелді кілемге орап, лашықтың ортасынан көр қазып, сол жерге жерледі. Содан кейін олар орманан шығып, өз елдеріне қарай жол тартты. Өз қожаларының және оның ұлының аман-есен қайтып келе жатқанын естіген қызметшілер қолдарына тиген ақша мен мүлікті алып, қашып кетті. Ал көпес пен оның ұлы туған үйлеріне оралып, саудамен айналысып, жағдайларын тез түзеп алды. Сөйтіп олар өмірлерінің соңына дейін уайым-қайғысыз бақытты ғұмыр кешкен екен.

Аударған: А. ТЛЕУҒАЗИН

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аудан тынысы» - «Пульс района» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шығыс ақпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылу арқылы өзінің қайта құрылатындығын хабарлайды. Барлық келіспеушіліктер хабарландыру шыққан күнен бастап екі ай ішінде қабылданады.

«Аудан тынысы» - «Пульс района» ұжымы

«Аудан тынысы» - «Пульс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО Бородулиха аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ болып табылады	Директор-бас редактор Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.	
Газет ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерінің тіркеу туралы N 12375-Г куәлігі (05.03.2012) берілген	Директор-бас редактордың орынбасары, Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тауелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 4082 Таралымы 2887 оның ішінде «Аудан тынысы» 593	Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен қ., Космическая 6/3 Көлемі 2 баспа табақ